

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
мамандықтары мен біліктіліктерінің білім беру бағдарламаларын әзірлеу
бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – білім беру бағдарламалары) әзірлеу құрылымы мен тәртібін айқындайды.

2. Білім беру бағдарламалары келесі құжаттарға сәйкес әзірленеді:

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының ТЖКБ кадрлар даярлау бөлігі;

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, орта білімнен кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖБС);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы;

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламалары;

– Ұлттық біліктілік шеңбері;

– Кәсіптік стандарттар (бар болса);

– WorldSkills кәсіптік стандарттар (бар болса).

3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеудің мақсаты білім беру ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып оқытудың құрылымдық жоспарын құру және оқытудың мазмұнын жұмыс берушілердің талаптарына келтіру.

4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде құзыреттілік тәсіл – оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқу процесін құру әдісі қолданылады.

5. Осы Әдістемелік ұсынымдарда келесі анықтамалар қолданылады:

1) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

2) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

3) жалпы құзырет – білім алушының адам өміріне қажетті кәсіптік салаларына ортақ міндеттерді шешуіне және өзінің жеке, әлеуметтік кәсіби қызметі үшін қажетті білім, білік және дағдылар жиынтығы;

4) базалық құзырет – болашақ маманның мамандыққа енуінің ерекшелігін көрсететін, таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби дамуының негізін қалыптастыратын кәсіби құзыреттерді игеру үшін қажетті білім, білік және дағдылар жиынтығы;

5) кәсіби құзырет – кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағды, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті;

б) жалпыға міндетті модуль – білім алушының жалпы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

7) базалық модуль – білім алушының базалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

8) кәсіптік модуль – кәсіби құзыретті қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

9) академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

10) жұмыс оқу бағдарламасы – жұмыс оқу жоспарының нақты пәні және (немесе) модулі үшін ТЖКБ ұйымы әзірлейтін құжат;

11) жұмыс оқу жоспары – ТЖКБ ұйымы әзірлейтін, оқу пәндерінің және/немесе модульдердің тізбесін, көлемдерін, оларды зерделеу дәйектілігін, сондай-ақ олардың игерілуін бақылау нысандарын регламенттейтін құжат;

12) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

13) білім беру бағдарламаларының тізілімі (Тізілім) – ТЖКБ ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектісі.

2 тарау. ТЖКОБ білім беру бағдарламасын әзірлеу процесінің кезеңдері

6. Білім беру бағдарламасын әзірлеу процесі келесі кезеңдерден тұрады:

1) Дайындық кезеңі;

2) Білім беру бағдарламасын әзірлеу;

3) Білім беру бағдарламасының сапасын бағалау.

7. Дайындық кезеңі келесілерді қамтиды:

1) Білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру;

2) Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік құжаттаманы зерделеу;

3) Біліктілікке функционалдық талдау жүргізу және функционалдық картасын құру.

8. Білім беру бағдарламасын әзірлеу келесі ретпен жүзеге асырылады:


- 1) Білім беру бағдарламасының мақсатын айқындау;
- 2) Маман құзыреттерінің тізбесін әзірлеу;
- 3) Модульдердің (пәндердің) мазмұнын айқындау;
- 4) Жиынтық кесте жасау;
- 5) Құзыреттер бойынша пәндер матрицасын жасау.

9. Әзірленген білім беру бағдарламасының сапасын бағалау ішкі және сыртқы сараптама кезінде жүргізіледі.

Ішкі сараптама білім беру бағдарламасын қарау және мақұлдау кезеңінде колледждің оқу-әдістемелік бірлестігінің (пәндік-циклдік комиссиясының), индустриалдық кеңестің (жұмыс берушілер кеңесінің), педагогикалық (оқу-әдістемелік) кеңестің отырысында жүргізіледі.

Сыртқы сараптаманы білім беру бағдарламасын Тізілімге орналастыру процесінде «Талар» КЕАҚ мамандары, сарапшылар (педагогтар, жұмыс берушінің ұйымынан (кәсіпорнынан) мамандар) жүргізеді.

ТЖКББ ББ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ТІЗІЛІМГЕ ЕНГІЗУ ПРОЦЕСІ



3 тарау. Білім беру бағдарламасының құрылымы

10. Білім беру бағдарламасының құрылымына қойылатын талаптарды МЖБС айқындайды. Білім беру бағдарламасының құрылымына:

1. Білім беру бағдарламасының паспорты;
2. Құзыреттер тізімі;
3. Білім беру бағдарламасының мазмұны;
 - 3.1. Модульдердің (пәндердің) мазмұны;

3.2. Білім беру бағдарламасының модульдері (пәндері) бөлінісінде игерілген кредиттер/сағаттар көлемін көрсететін жиынтық кесте;

3.3. Құзырет бойынша пәндер матрицасы (модульдік бағдарламалар үшін).

11. Білім беру бағдарламасы білім алушыларды даярлау жүргізілетін оқыту тілінде әзірленеді. Егер оқыту шетел тілінде жүргізілсе, Тізілімге орналастыру үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығымен бекітілген білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу Қағидаларының 6-тармағына сәйкес білім беру бағдарламасы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жіберіледі.

12. *Білім беру бағдарламасының паспортында*: мамандық пен біліктіліктің (-тердің) коды мен атауы; білім беру бағдарламасының мақсаты; білім беру саласындағы бағдарламаны нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету; қолданылатын кәсіптік стандарт → кәсіп карточкасы → еңбек функциясы → дағды → білім → іскерлік (қолданылған әрбір кәсіптік стандарт бойынша көрсетіледі); қолданылатын WorldSkills стандарттары атауы (олар болған кезде); білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері көрсетіледі.

1 нысан

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Мамандық коды және атауы	...
Біліктілік(-тер) коды және атауы	...
Білім беру бағдарламасының мақсаты	...
Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық қамтылуы	...
Кәсіптік стандарт (бар болса)	...
WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)	...
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	...

13. Білім беру бағдарламасындағы *құзыреттер тізбесі* білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін білім алушының иелігінде болатын құзыреттер тобымен (жалпы білім беру, жалпы, базалық және кәсіптік) ұсынылған.

2 нысан

2. ҚҰЗЫРЕТТЕР ТІЗІМІ

Құзыреттің индексі	Құзыреттің атауы
Қ 1.	...
...	...

14. *Модульдердің (пәндердің) мазмұнына* олардың қысқаша сипаттамасы беріледі, модульді немесе пәнді игеру барысында қол жеткізуге қажет оқыту нәтижелері айқындалады, қалыптастырылатын құзыреттің индексі көрсетіледі.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1. Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Құзыреттің индексі
Жалпы білім беретін пәндер				
1	ЖБП 1.	ОН 1.1.
...
Базалық модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)				
...	БМ 1. ... (ЖГП 1.)	...	ОН 1.1.
...
...	БМ ... (ӨЭП 1.)
Кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)				
...	КМ 1. ... (ЖКП 1.)	...	ОН 1.1.
...
...	КМ ... (АП 1.)
...

15. *Жиынтық кестеде:* игерілген кредиттердің/сағаттардың көлемі, семестрлер бойынша бөлу, білім беру бағдарламасының модульдері (пәндері) бөлінісінде қорытынды бақылау нысаны көрсетіледі.

4 нысан

3.2. Білім беру бағдарламасының модульдері (пәндері) бөлінісінде игерілген кредиттердің/сағаттардың көлемін көрсететін жиынтық кестесі

№	Модульдің (пәннің) және оқу қызметі түрлерінің атауы	Уақыт көлемі		Семестр	Қорытынды бақылау нысаны*
		Кредиттер	Сағат		
1	ЖБП 1.
...
...	БМ 1. ... (ЖГП 1.)
...
...	БМ ... (ӨЭП 1.)
...
...	КМ 1. ... (ЖКП 1.)
...
...	КМ ... (АП 1.)
...
...	Аралық аттестаттау
...	Қорытынды аттестаттау
...	Өзіндік жұмыс
...	Міндетті оқыту қорытындысы
...	Факультативтік сабақтар
...	Консультациялар

* Белгілер: С – сынақ (сараланған сынақ); Е – емтихан.

16. *Құзыреттер матрицасы* құзыреттерді осы құзыреттер қалыптастыратын пәндермен үйлестіруге мүмкіндік беретін көмекші компонент болып табылады.

3.3. Құзыреттер бойынша пәндер матрицасы

№	Пәндер атауы							
		Құзыреттің атауы	∴	∴	∴	∴	∴	∴
...
...

17. Білім беру бағдарламасының титулдық бетінде келесі деректер бар: білім беру ұйымының атауы; Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейі; білім беру жүйесіндегі білім деңгейі; даярлықтың бағыты мен мамандандыру; мамандық пен біліктіліктің коды мен атауы; білім беру базасы; оқыту нысаны; оқыту тілі; оқу уақытының жалпы көлемі; осы білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылданған жылы.

<p>Білім беру ұйымының атауы</p> <p>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ</p> <p>Білім деңгейі:</p> <p>Даярлық бағыты және мамандануы:</p> <p>Мамандық коды және атауы:</p> <p>Біліктілік(-тер) коды және атауы: </p> <p>Білім базасы:</p> <p>Оқыту нысаны:</p> <p>Оқыту тілі:</p> <p>Оқытудың басталуы (жыл):</p> <p>Міндетті оқытудың оқу жүктемесінің көлемі кредит / сағат:</p> <p>ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі:</p>

18. Титулдық бетте білім беру бағдарламасын әзірлеушілері көрсетіледі. Білім беру бағдарламасын жұмыс тобы әзірлейді, оның құрамына ТЖКБ ұйымның педагогтары, сондай-ақ тиісті сала өндірісіндегі мамандары кіреді.

ӘЗІРЛЕНДІ
білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс тобымен

Педагогтар

_____ (Аты-жөні) _____ (қолы)

_____ (Аты-жөні) _____ (қолы)

...

Ұйымның (кәсіпорынның) маманы

_____ (Аты-жөні) _____ (қолы)

...

19. Білім беру бағдарламасын білім беру ұйымының басшысы бекітеді. *Титулдық бетке* мөрмен расталған бекітудің күні мен қолы қойылады.

"БЕКІТЕМІН"
Басшы (директор)

_____ (Аты-жөні, қолы)

" ____ " _____ 20__ ж.

20. Білім беру бағдарламасы колледждің индустриялық кеңесінің (жұмыс берушілер кеңесінің) отырысында қаралуы және мақұлдануы тиіс. Индустриялық кеңес (жұмыс берушілер кеңесі) мақұлдағаннан кейін білім беру бағдарламасы білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі қарастырады және бекітуге ұсынады. *Титулдық бетте* отырыс күні, хаттаманың нөмірі жазылады, индустриалдық кеңес (жұмыс берушілер кеңесі) төрағасының қолы қойылады.

МАҚҰЛДАНДЫ
Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңес отырысында
Күні _____ 20__ / № ____ хаттама
Төраға/Председатель _____ (Аты-жөні) _____ (қолы)

ҰСЫНЫЛДЫ
Оқу-әдістемелік (ғылыми-әдістемелік, педагогикалық) кеңес отырысында
Күні _____ 20__ / № ____ хаттама
Төраға/Председатель _____ (Аты-жөні) _____ (қолы)

4-тарау. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын әзірлеу

Білім беру бағдарламасының мақсатын тұжырымдау

21. Білім беру бағдарламасының мақсаты біліктілік бойынша кәсіби қызметтің негізгі мақсаты негізінде тұжырымдалады.

Кәсіби біліктілік қызметінің негізгі мақсаты - нәтижеге жету үшін қажетті әрекеттерді немесе әрекеттерді сипаттау. Алдымен етістікті зат есім немесе етістікті зат есімдер тобы жазылады, содан кейін зат есім немесе бірнеше зат есім арқылы әрекет объектісі сипатталады. Қажет болса, әрекет жағдайы сипатталады.

Мысалы:

Дабыл, орталықтандыру және құлыптау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Жылу электр станциясының компрессорлық жабдықтарына қызмет көрсету.

Технологиялық жабдықты және онымен байланысты конструкцияларды сапалы монтаждауды қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы сұлулық индустриясында шашты кесу, сәндеу, шашты бояу, мұрт пен сақалды безендіру.

Өнеркәсіптік роботтарды басқару, техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу.

Инфокоммуникациялық желінің компоненттерін диагностикалау және жүйенің үздіксіз жұмысын қолдау бойынша жұмыстар кешенін жүзеге асыру.

Белгілі бір ережелер мен стандарттарды сақтау арқылы сату орындарындағы тауарлардың белгілі бір маркаларына немесе топтарына түпкілікті сатып алушылардың назарын аудару арқылы бөлшек сауданы ынталандыру.

Қызметтің негізгі мақсаты өлшенетін және бақыланатын болуы керек және кәсіби саланы біліктілікті(-терді) игеру бойынша қол жеткізуге болатын жиынтық нәтиже ретінде қысқаша сипаттауы керек.

Қызметтің негізгі мақсаты кәсіптік стандарттардың кәсіп карточкаларында көрсетілген.

Қызметтің негізгі мақсаты негізінде **білім беру бағдарламасының мақсаты** тұжырымдалады.

Білім беру бағдарламасының мақсаты келесідей тұжырымдалған:

«... жүзеге асыратын ... даярлау (маман орындайтын қызметтің басты мақсатына сәйкес)».

Сонымен бірге, білім беру бағдарламасының мақсаты қысқаша тұжырымдалуы және нақтылық, қол жетімділік өлшемшарттарына сәйкес келуі керек.

Мысалы:

Қызметінің негізгі мақсаты:

Денсаулық сақтауды және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеу.

Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Денсаулық сақтауды және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандар даярлау.

Қызметтің негізгі мақсаты:

Ғимараттар мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін сумен жабдықтау және су бұру желілерін пайдалану және оларға қызмет көрсету.

Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Ғимараттар мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін сумен жабдықтау, су бұру және кондиционерлеу желілерін монтаждау және оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын жұмысшы кадрларды даярлау.

Құзыреттердің тізбесін әзірлеу

22. Білім беру бағдарламасындағы **құзыреттер тізбесі** келесі құзыреттер тобымен ұсынылған: жалпы білім беру, жалпы, базалық және кәсіби.

Құзыреттер картасын жобалауды жұмыс беруші талап ететін білім беру бағдарламасын игерудің интегративті түпкілікті нәтижесі тұрғысынан қарастыру қажет

23. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға (ақыл-ойы сақталмаған) арналған білім беру бағдарламаларында жалпы білім беру, жалпы, базалық, кәсіби құзыреттер білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай олардың психофизикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып бейімделеді.

24. **Жалпы білім беру құзыреттері** жалпы білім берудің пәндік-әрекеттік құрамдас бөлігін көрсетеді және білім беру бағдарламасының мақсатына кешенді қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған.

Мысалы: Іскерлік қарым-қатынасты ауызша және жазбаша түрде мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде жүзеге асыру.

Кәсіби салада жаратылыстану және математикалық білімді қолдану.

Кәсіби салада қоғамдық-гуманитарлық білімді қолдану.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін (ақыл-ойы сақталмаған):

Мемлекеттік, орыс тілдерінде ауызша коммуникацияны жүзеге асыру.

Жаратылыстану-математикалық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың қарапайым білімдерін қолдану.

Салауатты өмір салтының негіздерін сақтау.

25. **Жалпы құзыреттер** салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене қасиеттерін жетілдіруге, қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтенуге және бейімделуге, патриотизм мен азаматтық сезімдерін, ұлттық сана-сезімді, парасаттылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға, кәсіпкерлік қызмет пен қаржылық сауаттылық дағдыларын игеруге, кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдануға бағытталған.

Мысалы:

Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.

Құқықтық жүйе мен экономиканың негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құбылыстар саласында азаматтық ұстанымды көрсету.

Дене қасиеттерін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір салтына назар аудару.

Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты цифрлық өңдеу әдістерін қолдану.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін (ақыл-ойы сақталмаған):

Салауатты өмір салтының негіздерін сақтау;

Ақпараттық технологиялардың қарапайым негіздерін қолдану;

Қоғамда сәтті өзара әрекеттесу және бейімделу.

26. Базалық құзыреттер даярлау (мамандық) бағыты бойынша қалыптастырылады және білім алушылардың кәсіптік қызметтің іргелі негіздерін және кәсіп бойынша әмбебап дағдыларды қамтамасыз ететін қажетті білім мен дағдыларды игеруіне бағытталған.

Мысалы:

Мамандықтың ерекшелігін, негізгі міндеттері мен функцияларын, негізгі технологиялары мен процестерін түсіну.

Техникалық кәсіби құжаттаманы оқу, түсіну және құрастыру.

Еңбекті қорғау ережелерін білу және сақтау, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану, жабдықпен қауіпсіз жұмыс істеу.

Негізгі жабдықтармен, құралдармен және машиналармен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын меңгеру.

Сапа стандарттарын практикада сақтау және қолдану.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін (ақыл-ойы сақталмаған):

Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану;

Шебердің (тәлімгердің) басшылығымен жабдықпен қауіпсіз жұмыс істеу;

Негізгі жабдықтармен, құралдармен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын меңгеру.

27. Маманның кәсіби міндеттер кешенін шешу қабілеті кәсіби құзырет болып табылады. Кәсіби құзыреттерді анықтау кезінде кәсіптік стандарттардың талаптарын ескеру қажет.

28. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға (ақыл-ойы сақталмаған) арналған білім беру бағдарламаларында кәсіби құзыреттер қарапайым жұмыстарды орындау әдістері мен тәсілдерін көрсетеді; қарапайым технологиялық процестерді игеру; берілген үлгі бойынша операцияларды орындау (шебердің (тәлімгердің) басшылығымен).

29. Кәсіптік стандарттың талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламасын әзірлеу сапасын арттыру үшін әзірлеушілер тобына ұйымнан (кәсіпорыннан) мамандарды қосу қажет.

30. Білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін кәсіптік стандартты анықтау кезінде:

- білім беру бағдарламасы шеңберінде оқылатын біліктіліктерге ТжКОБ біліктілігімен ұқсас немесе бірдей атауға ие бір кәсіптік стандарт сәйкес келуі мүмкін;

- білім беру бағдарламасында оқылатын біліктіліктерге кез-келген кәсіптік стандарттың белгілі бір бөлігі ғана сәйкес келуі мүмкін, яғни еңбек функциялары мен/немесе кәсіби міндеттердің біреуі немесе бір бөлігі сәйкес келуі мүмкін;

- білім беру бағдарламасы аясында оқытылатын біліктіліктер бірқатар кәсіптік стандарттарға сәйкес келуі мүмкін, ал кәсіптік стандарттар әр түрлі салаларға қатысты болуы мүмкін екенін ескеру қажет.

31. Әзірленіп жатқан білім беру бағдарламасы мен кәсіптік стандарт шеңберінде біліктілік деңгейін салыстыруды алдын ала бағалауды жүргізген жөн. Ол үшін алдын ала іріктелген кәсіптік стандартта ЭҚЖЖ секциясы бөлігінде кәсіптік стандарттың паспортын, кәсіптер карточкаларының қысқаша сипаттамасы мен тізбесін талдау қажет, сондай-ақ «Кәсіп», «СБШ бойынша біліктілік деңгейі», «Қызметтің негізгі мақсаты» және «Білім беру жүйесімен және біліктілікпен байланыс» бағандарына жүгіну ұсынылады.

32. **Кәсіби құзыретті** қалыптастыру үшін кәсіптік стандарттың бірлігі–**еңбек функциясы** қолданылады, бұл еңбек процесінің бірнеше мәселелерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы.

Кәсіптік стандарттың көлемді еңбек функциялары бөлініп, бірнеше құзыреттерді құрай алады. Кішкентайлар біріктіріліп бір құзыретті құра алады немесе қолданыстағы құзыреттерге жеке элементтермен ене алады. Нәтижесінде білім беру бағдарламасының құзыреттерінің саны кәсіптік стандарттың еңбек функцияларының санына сәйкес келмеуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда құзыреттер кәсіптік стандарттың көлемді дағдыларынан құрылуы мүмкін.

33. Кәсіптік стандарттардың кәсіптер карточкалары қызмет түрлері, функциялары, міндеттері, білімдері мен іскерліктері мақсатында әр түрлі қамту мен жалпылау деңгейіне ие. Сонымен қатар, біліктілік бойынша кәсіптік стандарттардың болмауын жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан кәсіптік модульдердің мазмұнын анықтау үшін біліктілік бойынша кәсіби қызметтің мазмұнына функционалды талдау жүргізу қажет.


34. Біліктілікті функционалдық талдау негізінде біліктілік бойынша кәсіби қызметтің негізгі мақсатын және одан туындайтын еңбек функциялары мен тиісті дағдыларды сипаттайтын функционалдық карта жасалады.

Мысалы: «Техник-гидрогеолог» біліктілігінің функционалдық картасы

<i>Негізгі мақсат</i>	<i>Еңбек функциялары</i>	<i>Дағдылар</i>
<i>Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу, барлау, қайта бағалау, жете барлау, әртүрлі</i>	<i>ЕФ 1. Дала жұмыстарына гидрогеологиялық материалдар мен</i>	<i>Д 1. Зерттелетін жұмыс ауданының гидрогеологиялық жағдайлары туралы материалдар мен мәліметтерді жинауды орындау</i>
		<i>Д 2. Далалық жабдықтар мен құралдарды дайындау</i>

масштабтағы гидрогеологиялық, геоэкологиялық, инженерлік-геологиялық түсірілімдер кезінде далалық және камералдық гидрогеологиялық жұмыстарды жүргізу	жабдықтарды дайындау	
	ЕФ 2. Дала жұмыстарын жүргізу	Д 3. Далалық лагерьдің орнын таңдау
		Д 4. Далалық лагерьді орналастыруды жүзеге асыру
		Д 5. Дала жұмыстарын жүргізу
		Д 6. Бастапқы гидрогеологиялық ақпаратты жинауды орындау
	ЕФ 3. Бастапқы гидрогеологиялық ақпаратты камералдық өңдеуді орындау	Д 7. Далалық лагерьді жоюды жүзеге асыру
		Д 8. Жабдықтарды, құралдарды және гидрогеологиялық ақпаратты сақтауға беруді жүзеге асыру
		Д 9. Бастапқы гидрогеологиялық ақпаратты өңдеуді орындау
		Д 10. Участкедегі гидрогеологиялық жұмыстардың осы кезеңінің нәтижелері туралы есеп дайындау және ресімдеу

35. Функционалдық біліктілік картасының барлық компоненттері білім беру бағдарламасының компоненттерімен өзара байланысты. Сонымен, еңбек функциялары/дағдылары базалық және кәсіптік модульдерді қалыптастыра отырып, базалық және кәсіби құзыреттерге, кәсіптік дағдылар / іскерліктер-модульдер бойынша оқыту нәтижелеріне проекцияланады.



36. Құзырет тұжырымдамалары біліктілік бойынша кәсіби қызметтің негізгі мақсатын тұжырымдау сияқты құрылымға сәйкес құрылады: алдымен нәтижеге жету үшін қажет әрекет немесе әрекеттердің сипаттамасы беріледі (*етістік немесе бірнеше етістік*); содан кейін әрекет объектісі сипатталады (*зат есім немесе бірнеше зат есім*); әрі қарай іс-әрекеттің контексті/жағдайы сипатталады (*іс-әрекеттің мақсаты, тұлға, бағытталған әрекет*).

Құзыреттілікті тұжырымдау кезінде іс-әрекет пен ақыл-ой әрекетінің етістіктерін қолдану қажет. Құзырет білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін не істей алатындығына қатысты болғандықтан, бұл етістіктердің барлығы «белсенді» етістіктер болып табылады.

Мысалы:

Білім алушылардың білім мазмұнын игеру деңгейін анықтау дағдыларын меңгеру.

Интерьерді декормен көркемдік безендіру тұжырымдамасын әзірлеу.

Хореографиялық шығарманың стиліне сәйкес көркем-сахналық образ жасау.

Тұрмыстық электрониканы жөндеу, баптау және реттеу.

Ауаны баптау жүйелеріне, желдету, жылу сорғы және тоңазытқыш қондырғыларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу.

Шикі мақтаның джин процесін реттеу және джин батареясының жұмысын сақтау.

Өрт сөндіру депосы ғимаратында қызметтік режимді сақтау бойынша ішкі наряд тұлғаларының қызмет атқаруына нұсқама беру және бақылау жүргізу.

Технологиялық процестердің және өндірістің дайын өнімдерінің сапасын бақылауды орындау.

Модульдердің (пәндердің) мазмұнын анықтау

37. Білім беру бағдарламаларында құзыретті қалыптастыру үшін модуль анықталады, ол өз кезегінде оқыту нәтижелерін қамтиды.

38. Модуль – бұл түлектердің құзыретін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалды түрде аяқталған құрылымдық элементі. Модульде оқытудың нақты тұжырымдалған жоспарланған нәтижелері бар, олар жиынтығында білім алушыға мәлімделген құзыретті игеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Модульді зерттеу бірнеше құзыретті немесе құзыреттің бір бөлігін қалыптастыруға бағытталуы мүмкін.

39. Модульдер оқу процесінің логикалық құрылысын және оның нәтижелерін бағалауды қамтамасыз ететін тәртіппен орналастырылады. Бұл тәртіп қарапайым және жалпы тақырыптарды игеруді және неғұрлым күрделі және мамандандырылған тақырыптарға көшуді қамтамасыз етуі керек.

40. Модульдердің тұжырымдамалары құзырет тұжырымдамаларына ұқсас құрылымға ие және тек әрекеттердің сипаттамасымен ерекшеленеді:

– құзыретте бұл етістіктің анықталмаған / бастапқы түрі. *Мысалы: орындау, жүргізу, жобалау;*

– модульде - етістікті зат есім. *Мысалы: орындау, жүргізу, жобалау.*

41. МЖБС сәйкес білім беру ұйымдары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын интеграцияланған оқытуды жүргізе алады. *Мысалы, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша бір білім беру бағдарламасын игеру шеңберінде екі жұмысшы біліктілігін (кондитер-*

безендіруші және аспазшы) және орта буын маманын (технолог) игеруге болады.

Бірнеше біліктілікті игеру модульдердің бірыңғай базасы және қайталанатын ақпаратты алып тастау есебінен жүргізіледі.

Орта буын мамандарына арналған білім беру бағдарламаларында жұмысшы біліктілігі дағдыларын қалыптастыратын модульдер болуы тиіс.

Мамандық пен біліктіліктің коды мен атауы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының қолданыстағы Сыныптауышына сәйкес келуі тиіс.

42. Мамандық пен біліктілік коды мен атауы қолданыстағы ТЖКОБ мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына сәйкес келуі тиіс.

Егер Сыныптауыш сәйкес мамандықтың атауында нақтылау болса (түрлері бойынша, салалары бойынша, деңгейлері бойынша және т.б.), оларды көрсету қажет. Мысалы:

06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (жүйелік БҚ);

06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (құралдық БҚ);

07140200 Өндірістің автоматтандырылған жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу (металлургияда);

07140200 Өндірістің автоматтандырылған жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу (химия саласында);

07130100 Электр жабдықтары (электр станциялары және электр энергетикасындағы желілер) 3W07130101 Электромонтер (электр станциялары және электр энергетикасындағы желілер);

07130200 Электрмен қамтамасыз ету (құрылыста) 3W07130201 Электр монтаждаушы (өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс).

43. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары жалпы білім беретін пәндер модулін, жалпыға міндетті, базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуді көздейді. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнында жалпы білім беру бағдарламаларының модулі жоқ.

44. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұны бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеуді көздейді. Білім беру бағдарламасын әзірлеудің маңызды кезеңі оқыту нәтижелерін анықтау және сипаттау болып табылады.

45. **Оқыту нәтижелері кәсіби дағдыларға/іскерлікке** сәйкес сипатталады және нақты оқыту әдістеріне немесе оқыту тәсілдеріне тәуелді емес.

Оқыту нәтижелері нақты біліктілік бойынша практикалық қызметті жүзеге асыру үшін жалпы білім беру, базалық және кәсіптік білім мен дағдыларды қолдануға бағытталуы тиіс.

46. Оқыту нәтижелері келесі талаптарға сай болуы керек:

1) Оқыту нәтижелері қалыптасқан құзыретке сәйкес келуі және дайындық деңгейін көрсетуі керек.

2) Оқыту нәтижелері құзыретті қалыптастыру үшін жеткілікті болуы тиіс, бұл ретте модуль (пән) кемінде екі оқыту нәтижесінен тұруы тиіс. Сонымен қатар, жекелеген әрекеттерді, әдістерді, технологиялық операцияларды оқыту нәтижелері ретінде және шамадан тыс толығырақ көрсетуден аулақ болу керек. Модульдегі оқыту нәтижелерінің саны жетіден аспауы тиіс.

3) Оқыту нәтижелері қол жетімді, нақты, түсінікті және бағаланатындай болуы тиіс.

4) Оқыту нәтижесінің сипаттамасы қысқа болуы керек.

5) Бірыңғай анықталған құрылым болуы керек: оқыту нәтижесін тұжырымдау үшін, әдетте, белгісіз түрдегі бір ғана әрекет етістігі қолданылады, содан кейін оқыту нәтижесінің мәнмәтінін сипаттайтын сөз тіркесі қолданылады.

6) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (ақыл-ойы сақталмаған) үшін теориялық материалдың мазмұныны минималды болуын ескеру қажет, оқыту нәтижелері мүмкіндігінше практикалық бағытталуы керек.

47. Өлшенетін немесе байқалатын әрекеттерді көрсететін белсенді және түсінікті етістіктерді қолдану қажет. *Мысалы, «анықтау», «сәйкестендіру», «қолдану», «орындау», «жасау», «жоспарлау» және т.б.* Ол үшін Б. Блум таксономиясын қолдану ұсынылады, ол білім алушыларға педагогтар белгілейтін міндеттердің жіктелуін және сәйкесінше оқу мақсаттарын ұсынады.

48. Модуль (пән) бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқылатын оқу материалы қысқаша сипаттамада жазылады. Сонымен қатар: *Оқыту нәтижесіне жету үшін нені зерттеу керек?* сұрағына жауап беру керек. Зерттелетін материалдың тақырыбы атау септігінде: *заңдар, нормалар, ережелер, әдістер, тәсілдер, қасиеттер, түрлер, типтер, сипаттамалар, режимдер, принциптер, құрылғы, жіктеу, нормативтер, негіздері, заңдылықтар, құралдар, түрлері, мақсаттар, функциялар, механизмдер және т. б.* сөздерін қолдана отырып сипатталады.

Мысалы: «Кесілген ағаш дайындамаларын сұрыптау, орау және кептіру» оқыту нәтижесіне қол жеткізу үшін «Еесілген ағаш дайындамаларының түрлері мен сақтау ережелерін; әртүрлі факторларға байланысты кептіру режимдерін; негізгі және қосалқы кептіру жабдықтарын пайдалану ережелерін; ағаштың құрылымын, қасиеттері мен ақауларын зерттеу қажет.

49. Білім беру бағдарламасын оқытудың құзыреттері мен нәтижелерін әзірлеу кезінде Ұлттық біліктілік шеңберінде көрсетілген және білім деңгейіне байланысты орындалатын қызметтің сапасы мен нәтижелерін айқындайтын жеке және кәсіби құзыреттерді, іскерліктерді, дағдылар мен білімдерді ескеру қажет.

50. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі колледждердің білім беру бағдарламалары қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

51. Жалпы білім беретін пәндердің мазмұны мен көлемі педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, аграрлық-технологиялық, көркемдік-технологиялық, қоғамдық-гуманитарлық, техникалық-технологиялық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады.

Бағыт	Мамандықтар
Педагогикалық	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгейлер бойынша); Қосымша білім беру; Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі; Музыкалық білім беру; Көркем еңбек; Дене шынықтыру және спорт; Негізгі орта білім берудің тілі мен әдебиетін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі; Информатика, Жеке сүйемелдеуді ұйымдастыру (деңгейлері бойынша).
Әлеуметтік-экономикалық	Есеп және аудит; Банк және сақтандыру дело; Бағалау (түрлері бойынша); Менеджмент (салалар және қолдану салалары бойынша); Логистика (салалар бойынша); Маркетинг (салалар бойынша); Қонақ үй бизнесі; Тамақтану саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру; Тамақтануды ұйымдастыру; Туризм; Дестинацияны басқару; Статистика.
Техникалық-технологиялық	Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша), Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері, Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша), Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша), Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлаудың технологиясы мен техникасы, Гидрогеология және инженерлік геология, Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері, Метеорология, Аддитивті өндіріс технологиясы, Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша), Коксохимиялық өндірісі, Изотоптарды бөлу технологиясы және вакуумдық техника, Зертханалық технология, Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы, Қалдықтарды қайта өңдеу, Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету, Бұзбайтын бақылау (салалар және түрлері бойынша), Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша), Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша), Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары, Жылу техникалық жабдықтар және жылу мен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша), Жаңартылатын энергетика, Темір жолдың электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша), Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша), Өндірістің автоматтандырылған жүйелеріне қызмет көрсету және жөндеу (салалар бойынша), Мехатроника (салалар бойынша), Робототехника және кірістірілетін жүйелер (салалар бойынша), Сандық техника (түрлері бойынша), Медициналық техниканы монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару, Темір жол көлігінде жедел технологиялық байланыс құрылғыларын пайдалану, Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, Пошта байланысы, Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша), Нақты машина жасау, Токарлық іс (түрлері бойынша), Металл өңдеу (түрлері бойынша), Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша), Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша), Жүк көтергіш машиналар мен транспортерлер, Геологиялық барлау жабдықтары, Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар мен қондырғыларды пайдалану мен монтаждау, Полиграфиялық өндіріс жабдықтарын пайдалану және жөндеу, Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша), Құю өндірісі, Қара металдар металлургиясы, Түсті металдар металлургиясы, Домна пешіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу, Болатты пештен тыс өңдеу, Отқа төзімді заттар өндірісі, Прокаттау өндірісі, Құбыр өндірісі, Радиоэлектронды көлік жабдықтарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету (көлік түрлері бойынша), Теңіз техникасын электрорадиолық монтаждау, Темір жол жылжымалы құрамының өндірісі (түрлері бойынша), Темір жол көлігінің көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары мен механизмдерін техникалық пайдалану, Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, Қалалық электр көлігін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу,

	<p>Жердегі авиациялық радиэлектронды жабдықтарды техникалық пайдалану, Өуе кемелеріне жерде қызмет көрсету, Өуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу, Қашықтықтан басқарылатын авиациялық жүйе, Өуе кемелерін пайдалану және ұшу-ақпараттық қамтамасыз ету, Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, Автомобиль құрастыру, Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету, Ауыл шаруашылығын механикаландыру, Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру, Темір-бетон және металл бұйымдарын өндіру (түрлері бойынша), Химиялық талшықтар өндірісі, Шыныталшық және шыныдан жасалған заттар өндірісі, Шина өндірісі, Резеңке-техникалық өндірісі, Полимерлік өндіріс технологиясы, Кабель өндірісі, Керамикалық өндіріс, Фарфор және фаянс бұйымдарын дайындау, Қиын балқитын бейметалл және силикатты материалдар мен бұйымдардың технологиясы, Композиттік материалдар мен бұйымдарды өндіру технологиясы, Тас өңдеу өндірісі, Жиназ өндірісі, Наноматериалдар негізіндегі бұйымдар технологиясы, Тері және тон бұйымдарын өндіру технологиясы, Тері мен былғарыны химиялық өңдеу, Тоқыма өндірісі (түрлері бойынша), Иіру және түту өндірісі технологиясы (түрлері бойынша), Талшықты материалдарды өңдеу технологиясы, Мата емес тоқыма материалдар технологиясы, Трикотаж, тоқыма, галантерея бұйымдары технологиясы, Өрлеу өндірісі (бейін бойынша), Аяқ-киім ісі, Аяқ-киім өндірісі (түрлері бойынша), Пайдалы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу, Маркшейдерлік ісі, Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу, Пайдалы қазбаларды байыту (көмір байыту), Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту), Жер асты құрылымдарының құрылысы, Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы, Мұнай және газ өндіру технологиясы, Мұнай және газ кен орындарын пайдалану, Архитектура, Геодезия және картография, Жерге орналастыру, Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру, қайта құру, Ландшафтық дизайн, Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, Құрылыстағы сметалық жұмыс, Ғимараттарды жобалау мен пайдаланудың автоматтандырылған жүйелері, Жылжымайтын мүлікті басқару, Гидротехникалық құрылыс, Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау, Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану, Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы, Қала қатынас жолдарын салу және пайдалану, Лифт шаруашылығы және эскалаторлар (түрлері бойынша), Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану, Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану, Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің тазарту құрылыстарын пайдалану, Гидротехникалық мелиорация, Көпірлер мен көлік тоннельдері, Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша), Өрт қауіпсіздігі, Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша), Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару, Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару, Жол қозғалысын ұйымдастыру, Су көлігін пайдалану (бейін бойынша), Өуе тасымалдауларын ұйымдастыру, Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу, Кәсіптік оқыту (салалар бойынша).</p>
<p>Көркемдік-технологиялық</p>	<p>Операторлық өнер, Дыбыс операторлық шеберлік, Графикалық және мультимедиялық дизайн, Баспа ісі, Полиграфиялық және орау өндірісінің технологиясы, Полиграфиялық және орау өндірісінің технологиясы, Киім дизайны, Өнеркәсіп өнімдерінің дизайны, Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша), Каллиграфия, Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша), Зергерлік іс, Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша), Музыка теориясы, Вокалдық өнер, Хорды дирижерлау, Актерлік өнер, Цирк өнері, Хореографиялық өнері, Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша), Әлеуметтік-мәдени қызмет (түрлері бойынша), Халықтық көркем</p>

	шығармашылығы (түрлері бойынша), Кәсіптік оқыту (салалар бойынша), Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу, Шаштараз өнері, Эстетикалық косметология.
Аграрлық-технологиялық	Ет және ет өнімдерін өндіру, Сүт және сүт өнімдерін өндіру, Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі, Қант өндірісі, Тұрмыстық (асханалық) тұзды өндіру және өңдеу, Сыра, алкогольсіз сусындар және спиртті ішімдіктер өндірісі, Майлар және май алмастырғыштар өндірісі, Темекі өнімдерінің өндірісі, Балық өндірісі, Жемістер мен көкөністерді сақтау және қайта өңдеу, Консервілер және тағам концентраттарын өндіру, Элеватор, ұн тарту, жарма және құрама жем өндірісі, Тағам өндірісінің технологиясы, Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу технологиясы, Агрономия, Агрехимия, Жеміс-көкөніс шаруашылығы, Өсімдікті қорғау және карантин, Зоотехния, Ара өсіру және жібек шаруашылығы, Балық шаруашылығы (түрлері бойынша), Бақ-саябақ шаруашылығы, Жылы жай шаруашылығын ұйымдастыру, Орман шаруашылығы, Аңшылық және аң өсіру шаруашылығы, Ветеринария, Кәсіптік оқыту (салалар бойынша).
Қоғамдық-гуманитарлық	Исламтану, Теология, Хадистану, Аударма ісі (түрлері бойынша), Кітапхана ісі, Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану, Құқықтану, Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша), Табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану (салалар бойынша), Әлеуметтік жұмыс, Стоматология, Ортопедиялық стоматология, Емдеу ісі, Мейіргер ісі, Акушерлік іс, Лабораториялық диагностика, Медициналық оптика, Фармация, Медициналық-профилактикалық іс.

Мамандық бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті» (қазақ тілінде оқитын топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» (орыс тілінде оқитын топтар үшін) жатады «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене тәрбиесі», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Графика және жобалау», «Дүниежүзі тарихы» және «Жаһандық құзыреттілік» курсы.

Жалпы білім беретін пәндердің қысқаша сипаттамасы, оқыту нәтижелері, көлемі мен мазмұны ТЖКБ ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік бағдарламаларына сәйкес келуі тиіс.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ТЖКБ ұйым үлгілік оқу бағдарламаларында берілген оқыту нәтижелерін мағынасы мен мазмұны бойынша үлкейте, топтай және қорытындылай алады.

Жалпы білім беретін пәндер жалпыға міндетті, базалық және/немесе кәсіптік модульдерге біріктірілуі мүмкін.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға (ақыл-ойы сақталмаған) арналған білім беру бағдарламаларындағы жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемін және мамандық бейініне және білім алушының психофизикалық даму ерекшеліктеріне байланысты ТЖКБ ұйымы дербес айқындайды. Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемін психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиямен келісу қажет.

52. Жалпыға міндетті модульдер жалпы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Келесі жалпыға міндетті модульдер барлық ТЖКБ мамандықтар үшін жалпы және міндетті болып табылады:

- 1) Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;

2) Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;

3) Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;

4) Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану (орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламаларына енгізіледі).

53. Орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары келесі жалпыға міндетті модульдерді зерделеуді көздейді:

1) Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;

2) Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;

3) Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану;

4) Кәсіби қызметте қазіргі заманғы экономикалық жүйенің жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтары мен механизмдерін қолдану.

ТЖКОБ ұйымының қалауы бойынша жалпыға міндетті модульдер мамандықтың бейініне байланысты базалық және (немесе) кәсіптік модульдерге толық немесе ішінара интеграцияланады.

54. Базалық модульдер базалық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Базалық модульдер бұдан әрі кәсіптік модульдерді игеру барысында қалыптастырылатын кәсіби құзыреттерді игеру үшін негізін қалыптастыруға бағытталған және белгілі бір кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсетеді.

ТЖКБ ұйымының қалауы бойынша әскери мамандықтарды қоспағанда, базалық модульдер кәсіптік модульдерге толық немесе ішінара интеграцияланады.

55. **Кәсіптік модульдер** кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Кәсіптік модульдердің мазмұнын білім беру ұйымы дербес айқындайды, бұл ретте кәсіптік модульдердің мазмұны экологиялық және/немесе өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын заманауи талаптарды ескеруі тиіс деген МЖМБС талабын ескеру қажет.

Жиынтық кесте құру

56. Білім беру бағдарламасының модульдері (пәндері) бөлінісінде игерілген кредиттер/сағаттар көлемін көрсететін жиынтық кесте алдағы уақытта жұмыс оқу жоспарын әзірлеуге қажет.

57. Білім беру бағдарламаларында аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу жоспарланады.

58. Аралық аттестаттауды және өзіндік жұмысты қоса алғанда, «Жалпы білім беретін пәндер» модулі бойынша кредиттердің/сағаттардың жалпы саны 75 кредитті/1800 сағатты, оның ішінде 15 кредитті/360 сағатты құрайды, СӨЖ дуальды оқыту кезінде оқу жоспарларында көзделмейді. «Хореографиялық өнер» мамандығы бойынша жалпы білім беретін пәндердің көлемі 53 (38+15) кредитті /1272 (912+360) сағатты құрайды. Жалпы білім беретін пәндер 1-2 курста оқытылады.

59. Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілінде оқитын топтар үшін қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті бойынша; орыс тілінде

оқытын топтар үшін орыс тілі, қазақ тілі және әдебиеті бойынша; Қазақстан тарихы, математика және мамандық бейініне сәйкес білім беру ұйымын таңдау пәні бойынша емтихандарды өткізуді көздейді.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды аралық аттестаттау емтихандар және/немесе сынақтар нысанында жүргізіледі.

60. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін қорытынды аттестаттау олардың денсаулық жағдайына теріс факторлардың әсерін болдырмайтын жағдайда және білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына жауап беретін жағдайларда жүргізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ақыл-ойы сақталмаған) тұлғалар үшін қорытынды аттестаттау практикалық жұмысты орындау түрінде жүргізіледі, басқа санаттар үшін - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

61. Базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуге бөлінетін оқыту уақытының көлемі кредиттер мен сағаттарда көрсетіледі және білім беру ұйымы дербес айқындайды.

Бұл ретте келесілер ескеріледі:

- 1 кредит 24 академиялық сағатқа тең;
- оқу жылындағы оқу жүктемесінің жалпы саны 75 (60+15) кредитті құрайды, кемінде 45 (36+9) кредитті құрайтын бітіретін оқу жылын қоспағанда;
- жұмысшы біліктілігі бойынша бағдарламаны игеруге – 75-150 кредит (*«біліктіліктің күрделілігі мен санына байланысты, «Жалпы білім беру пәндері» модулін есептемегенде»*);

